

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 4 (2020)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPYU00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

Бас редакторы – главный редактор

Бегентаев М. М.

д.э.н., профессор

Заместитель главного редактора

Ответственный секретарь

Пфейфер Н. Э., *д.п.н., профессор*

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Абибуллаева А.,

д.п.н., профессор

Бурдина Е. И.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Донцов А. С.,

доктор PhD

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/ENPU4165>**Р. Н. Жапанова¹, Ф. М. Кертаева², Б. Қ. Шаушекова³**

^{1,3}Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.;

²Л. Н. Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Адамдар мен қоғамның салауаттылығы – бүкіл өркеніетті әлем үшін әлеуметтік сипатқа ие болып отыр. Бүгінгі адам салауатты өмір мен денсаулық мәдениетін игермей тұрып, өзін білімді адам деп санай алмайды. Себебі әрқайсымыздың денсаулығымыз бұл жеке байлық қана емес, ол сонымен қатар еліміздің дамыған елу елдің қатарына қосылуы үшін де қажетті шарт. Яғни адамдардың денсаулығы да сол елдің өркеніеттік деңгейін танытатын маңызды факторлардың бірі. Ал денсаулықтың негізгі шарты- мәдени орта, салауатты өмір салты.

Сол себепті салауатты өмір салтын оқыту қолданыстағы білім беру бағдарламалары аясында, әр пән бойынша денсаулық сақтау мазмұнының құндылық, танымдық, нормативті және белсенді компоненттерін бөлгенде, сонымен қатар арнайы денсаулық сабақтарында және сабақтан тыс уақытта жүргізілуі керек.

Балалардың салауатты өмір салтының зерттелген ғылыми-теориялық негіздерін ескере отырып, әзірленген теориялық модель мамандардың табысты жұмыс істеуіне ықпал етеді. Бұл модельді қолданудың уақыт кезеңдері шектелмейді.

Кілтті сөздер: оқушылар; салауатты өмір салты; білім беру мекемелері; дені сау тұлға.

Кіріспе

Ұлы ойшыл Әл-Фарабидің төмендегі пікірі бойынша: «Жан мен тән бірге дамиды, тәнсіз жан жоқ, жан тәннің тірлік қасиеті, адамда қатарынан екі жан болмайды, адамның тәні де жаны да өткінші, уақытша. Тән жанның

дамуына, оның біртіндеп қалыптасып, жетілуіне әсер етіп отырады. Жанның дамуы үшін тәннің саулығы қажет. Тән саулығы жоқ жерде жан саулығы да жоқ».

Дана философтың осы айтқан ойларынан шыққан «Жан саулығы жоқ жерде, тән саулығы да жоқ», – деген пікір бүгінгі мектептің өзекті мәселесіне әкеліп тірейді. Соңғы зерттеу көрсеткіштері бойынша оқушылардың 60 % созылмалы ауруға ұшрағаны, бұл аурулардың көбі психосоматикалық түрдегі болуы және, бұл құбылыстың өсу тенденциясы «балалардың тән саулығының осалдығы жан саулығының тапшылығынан» деген ұйғарымды тудыруға негіз болды.

Бұған дәлел бола алатын мектеп өмірінде жиі кездесетін келеңсіз жанға жайсыз жағдай көріністердің мысалдары мол. Психологиялық дискомфортта өмір сүру:

- психосоматикалық сырқаттарға әкеліп соғатын белді фактор;
- балалардың ынжық, ұрысқак, жасық, жалқау болуына себепші;
- жұқпалы аурулардың кең тарауына, нашакорлық пен маскүнемдік мәселелерінің күннен күнге нығайуына жол ашар амалы;
- балалардың психикалық шыдамдылығын төмендетіп, өзіне қол жұмсау (суицид) жағдайына негіз болады;
- интеллектуалдық мүмкіндіктерін азайтып, эмоционалдық топастыққа ұшырататын айғақ.

Педагогиканың көптен бері топталып айтылып келе жатқан этикалық мәселелері бүгінгі күнгі замана талаптарына сай педагогикалық деонтология деп қайта жаңғырып жаңа мазмұндалуына себепкер жағдайларды атап айтсақ:

Біріншіден, баланың жан дүниесіне зиян келтірмей әсер ету тақырыбына арналған көптеген ғылыми, ғылыми-публицистикалық еңбектер (В. А. Сухомлинский, Ю. П. Азаров, А. А. Дубровский, В. С. Ротенберг, С. М. Бондаренко, В. И. Слуцкий, В. Ф. Шаталов, Ш. А. Амонашвили т.б.) педагогикалық деонтологияның «Зиян келтірме!» ұстанымының көкейтестілігі күннен күнге асуда екенін дәлелдейді;

Екіншіден, педагогикалық деонтологияға қазіргі кезде асыра көңіл бөлінуіне себепкер болған, өзектілігін түсіндіретін төмендегідей әлеуметтік жағдайлар:

- заманымыздағы болып жатқан көп өзгерістердің ішінде адамның денсаулығына деген назардың өсуі. Әсіресе, баланың жан саулығына, тән саулығына деген көзге түсер қоғамдағы бетбұрыс. Денсаулықтың арқауы салауатты өмір салты дер болсақ, ол өзі – адам бойындағы күнделікті тыныс тіршілігінен байқалатын ақыл-ой парасаты, сезім, қимыл-қозғалысы,

жүріс-тұрысы, мінез-құлқы сияқты тағы басқа жоғары деңгейдегі саналы қасиетті көрсететін тұлғаның өмір сүру үрдісінің көркем бейнесі. Олай болса, мұғалімнің кәсіби сауаттылығына, жалпы салауаттылығына, оның қарым-қатынас құру мәнеріне өзінің және оқушынының денсаулығы тәуелді екендігі күмән тудырмайды;

– өмір шарттарының өзгеруіне, құндылықтардың ауысуына байланысты мемлекеттің, әлеуметтің, ата-ананың мектепке, мұғалімге қоятын талабының өсуі;

– халықтың ақпараттану мүмкіншілігінің өсуінде. Заман талабы бойынша жарық көріп жатқан ғылыми еңбектер, ашылып, ізгілікті жұмыс істеп жатқан әр түрлі оқу орындары, ондағы ұстаздардың мамандықты парыздарын өнегелі еңбек ету арқылы өтеуінің үлгілері туралы радиохабарлар, телекөріністер, газет, журнал бетіндегі мақалалар білім беру сапасына деген белгілі бір жоғары эталонды сұраныс қалыптасуына жетелейді. Мұғалімдердің іс-әрекеттеріндегі деонтологиялық факторлардың рөлін «кері» ақпараттың әсері де айқын көрсетеді. Мысалы, жалпы білім беру саласындағы, соның ішіндегі жеке мектептер тұрмыс-тіршілігіндегі жіберілген түрлі олқылықтарға байланысты шағым хаттар, сыни мақалалар, радио-теле-хабарлар өз әсерін қалтырмай қоймайды. Педагогикалық ұжымдағы мұғалімдердің балаға деген сезімталдығы, ақ ниеті, кішіпейлділігі – олардың деонтологиялық мүмкіндіктерінің ең маңызды белгісі. Мұның барын, жоғын халық пікірінен білуге болады. Халық пікірі қай кезде болсын мекеменің, ұжымның жұмысының нақтылы көрсеткіші;

Үшіншіден, педагогикалық деонтология қағидаларының мазмұны мен қолдану әдістемесіндегі ерекшеліктерді білім беру саласының әртүрлі объектілерінде ескеру қажеттілігі туындайды. Мысалы, балабақшада, бастауыш мектепте, орта мектепте, жоғары оқу орындарында заман өзгерістеріне сай жаңа талаптарды ескеру мүмкінділігі әр түрлі. Сондықтан педагогикалық деонтологияның қолдану объектісіне байланысты ерекшеліктері ескерілген ғылыми ізденістердің қажеттілігі туындайды [1].

Педагогика-психологиялық ілімдерінің элементар түсініктеріне ие болу тек қана бала тәрбиесіне емес, жалпы адамдардың өзара қарым-қатынастарын өркениетті жолға салуға жетелейді. Ал өркениетті қарым-қатынас салауатты өмір салтының негізгі шарттарының бірі.

Салауатты айналамен қарым-қатынас жасауға адам бойындағы қасиеттер және пікірлесушіні өз көзғарасына сендіру үшін қажетті ережелерді өмірде қолданудың кейбір жолдарын көрсете кетейік.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру екі негізгі бағытта өткізіледі:

– оқушыларға өз денсаулығына деген жауапкершілігін түсіндіру;

– олардың денсаулыққа зиянды әдетке қарсы тұру әлеуетін қалыптастыру.

Осыған байланысты салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін түбегейлі саяси медициналық, білім беру компоненттері қажет. Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтына деген дағдысын қалыптастыру ерекшеліктерін зерттей отырып, біз оның негізінде ғылыми білім, күннің ұтымды режимі, жұмыс және демалыс, дұрыс ұйымдастырылған тамақтану, медициналық алдын-алу шаралары, қозғалыс белсенділігі, жаман әдеттердің болмауы екенін анықтадық. Осының негізінде біз сыныптан тыс тәрбие жұмысы процесінде оқушылардың салауатты өмір салтына деген көзқарасын қалыптастырудың теориялық моделін жасадық. Айта кету керек, тәрбие жұмысында педагогикалық ұжым күш-жігерін келесіге бағыттауы керек:

- мазмұнының жан-жақтылығы, қоғамдық бағыттылығы;
- мектеп оқушыларын тәрбиелеуде және бос уақытты саналы ұйымдастыруда бұқаралық формаларды пайдалану;
- сыныптан тыс жұмыстар арқылы барлық оқушылардың қамтылуын бақылау керек.

Денсаулық – бұл қоршаған ортаның үнемі өзгеріп отыруы мен адамның бейімделу қабілеті арасындағы тепе-теңдік жағдайы [2].

Мұғалім мектеп оқушыларының салауатты өмір салтының құндылық негіздерін тәрбиелеудің негізгі мақсаттарын ескеруі керек, оған гносеологиялық, мәдени, жеке және белсенді компоненттер кіреді. Оқушының салауатты өмір салтына деген көзқарасын қалыптастыру эмоциялық-құндылықты, ақпараттық-танымдық, креативті-әрекеттік сипаттағы педагогикалық әдістер, тәсілдер мен құралдардың жиынтығы арқылы іске асырылады. Бұл қалыптастыру білім беру процесінде сабақтан тыс уақытта жүзеге асырылуы мүмкін, бұл мәлімделген мәселені шешуге ықпал етеді. Оқушыларды салауатты өмір салты туралы хабардар ету кезінде ақпаратты қабылдаудың пассивті формаларынан белсенді формаларға көшуге бағытталған бірлескен оқыту әдістері, оқушы мен педагогтың өзара іс-қимылының субъект-субъектілік тәсілі: кездесулер, диспуттар, дәрістер, дәріс-әңгімелер, валеологиялық конференциялар пайдаланылады. Бұл әдістерді қолдану оқушының жеке басының негізгі сипаттамаларын қолдануға мүмкіндік береді: таным, өзін-өзі тану қабілеті, жоғары деңгейдегі қажеттілік және құндылық қатынастары. Олар мектеп оқушыларына өмірінде мәнін, жетістікке жету, тану және өмір салтын өзгерту қажеттілігін қайта бағалауға көмектеседі.

Тән саулығы – бұл дененің өзірленген бағдарламаны жүзеге асыруы және тосын, төтенше жағдайлардан қаймықпай шыға білу қабілеті. Жан және тән саулығы баланың жалпы жеке денсаулығының ажырамас бөлігі болғандықтан ұдайы үйлесімді бірлікте болуға тиіс. Тән саулығы жан саулығына ықпал

етеді және рухани бақылау тән саулығын сақтау үшін қажетті шарттарды жасайды [3].

Оқушылардың салауатты өмір салтына эмоционалды-құндылық қатынасын педагогтердің құндылық валеологиялық бағдарларды (қабілеттер, ойлар, көзқарастар, идеялар, сенімдер) мүмкін күйден нақты күйге, ең бастысы олардың адам іс-әрекетіндегі маңыздылығын түсіну бойынша мақсатты әрекеті ретінде елестетуге болады [4]. Бұл шарт келесі кезеңмен – өзектендіру кезеңімен байланысты.

Қолданыстағы өмірлік тәжірибенің әсерінен адамның ішкі белсенділігі болған кезде құндылық қатынасы пайда болады. Осыған байланысты оқушылардың салауатты өмір салты туралы дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін педагогикалық әдістерді, тәсілдер мен құралдарды таңдау жүргізіледі. Денсаулықтың ішкі бейнесі өзінің болмысында екі бөлшектен тұрады. Біріншіден, өзінің идеалды жеке қалпы жөніндегі түсінігі, өзінің денсаулығының ең жақсы жағдайында мен қандаймын. Бұл түсініктер жеке тәжірибе барысында балалық шақта үлкендердің үлгілерін меңгеруде қалыптасады. Екіншіден, идеалды дені сау адам қандай болуы керек деген мәдени үлгіні меңгерудегі олардың мақсатының, ұмтылысының көрінісі ретінде дені сау адам жөніндегі түсініктері [5]. Негізгі компоненттер: танымдық (салауатты өмір туралы идеялардың, білімдердің, тұжырымдардың жалпы саны) және эмоционалды, олар эмоционалды және құндылықты қабылдауға, хабардар болуға және салауатты өмірді іс-әрекетке бағдар ретінде жобалауға ықпал етеді. Екінші педагогикалық шарттың орындалуын әдістемелік қамтамасыз етуді біз оқушылардың танымдық жұмысын қалыптастырудың пікірталас әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырамыз, бұл жеке тұлғаның эмоционалды жағын белсендіруге, интерактивті әдістерді, тәуелсіз және жалпы қызмет түрлерін жобалауға көмектеседі.

Өзектендіру кезеңінде зерттелетін тақырыптың ерекшеліктерін көрсету үшін қалып, процесс немесе құбылыс моделін құруды қамтитын дизайн әдісіне назар аударылады. Модельдің қалыптасуы - бұл қызметте іске асыруға дайындық жүргізілетін аралық кезең. Жобалау іс-әрекетінің нәтижесінде оқушылардың салауатты өмір салты туралы бірлескен білімдерін қолдануға, сондай-ақ олардың құндылықтарының басымдықтарын пайдалануға болады. Ол үшін мастер-класс өткізіледі, онда бағдарлама модельдеу, жеке үлгі, байланыс, бірлескен қызмет негізінде қалыптасады. Мастер-класста жұмыс істеу арқылы оқушылар жалпы іс-әрекетте және қарым-қатынаста мәселені бағдарлай алады. Салауатты өмірді дербес ұйымдастырудың келесі кезеңі - оқушының жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып, салауатты өмір салтының жеке моделін қалыптастыру.

Үшінші педагогикалық шарт салауатты шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін, мектеп оқушыларының іс-әрекетін құру әдістерін, мұғалімдердің тиісті іс-әрекеттерін таңдауды байытуды қамтиды. Осылайша, салауатты өмір сүру тәжірибесін байыту салауатты өмір салтын құру, жүргізу және оларды өмір салтына қосу әдістерін алу бойынша педагогикалық іс-әрекеттерді қамтиды [6].

Осы педагогикалық жағдайдың мазмұнын жасай отырып, біз мектептің білім беру кеңістігінің мүмкіндіктерін жандандыруға бағдарладық. Біз оқушылардың бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін келесі мүмкіндіктерді бөліп көрсеттік:

- әкімшілік құрал (денсаулық шығармашылық іс-шаралар, тиісті бағдарламаларды құру, салауатты өмір салтын тарату, бақылау);
- оқу-тәрбие қызметінің құралдары (дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын құру, салауатты өмір салты, мәдени-ауқымды, бос уақыт түрлері туралы арнайы курс енгізу);
- медициналық жабдықтау (денсаулық жағдайын диагностикалау, аурудың алдын-алу).

Мұғалім оқушыларға мектептің мүмкіндіктері туралы хабарлайды, олармен түрлі іс-шараларға қатысады және салауатты өмір салтын қалыптастыруға көмектеседі. Оқушылардың іс-әрекетін құрудың формалары мен тәсілдерін таңдау оқытушының кеңестерін, сауықтыру, дене шынықтыру және мәдени іс-шараларға, бос уақытты өткізу бойынша жұмыс формаларына қатысуды қамтиды, бұл олардың салауатты шығармашылық белсенділікпен айналысуына, жеке өмір салтын құруда белсенділік пен дербестік танытуға және шығармашылық тәжірибе алуға көмектеседі.

Осылайша, креативті, эмоционалды-құндылықты және ақпараттық-танымдық сипаттағы педагогикалық тәсілдерді, әдістер мен құралдарды іске асыру арқылы оқушының салауатты өмір салтына бағдарлануын дамыту сабақтан тыс оқу процесінде жүргізілуі және оқушының салауатты өмір салтын ұстануға шешім қабылдауына ықпал етуі мүмкін.

Зерттеу барысында біз Қарағанды қаласының № 66 мектеп-лицейінің оқушылардың салауатты өмір салтына деген дағдыларын қалыптастыру бойынша қызметіне талдау жүргіздік. Талдау көрсеткендей, мекемеде білім берудің кешенді жүйесі бар, ол оқушылардың денсаулығын сақтау қажеттілігін қалыптастыру үшін әртүрлі бағыттарды қамтиды, оларды салауатты өмір салтына ынталандырады. Оқушылардың салауатты өмір салты дағдысын анықтау мақсатында сауалнама алынды [7].

Бұл сауалнамаға екі қатарлас сынып оқушылары қатысты (экспериментальды топ – 8–9 жас аралығындағы 44 адам). Сыныпты таңдау

осы жаста жеке тұлғаның физикалық және рухани қасиеттерін қалыптастыру және қалыптастыру, жаман әдеттермен таныстыру болғандықтан жүргізілді.

Сауалнама оқушылардың салауатты өмір салтының жеке стилін анықтау, оларды салауатты өмір салтын ұстануға бағыттау мақсатында өткізілді. Жеке өмір салтын, сондай-ақ өз денсаулығына деген қарым-қатынасты бағалау 4 балдық шкала бойынша жүргізілді: әр жауап үшін А – 4 балл, Б – 2 балл, С – 0 балл берілді.

42 және одан жоғары балл – бұл салауатты өмір салтына деген көзқарастың қалыптасуының жоғары деңгейі. Жеке мәдениеттің барлық компоненттері қалыптасады: сіздің денсаулығыңызға ұқыпты қарау, денсаулықты сақтау және нығайту белсенділігі, өмірдің мәні, қарым-қатынастар анықталады, салауатты өмір салтының компоненттері жүзге асырылады.

41–31 балл – бұл салауатты өмір салтын ұстанудың қалыптасуының орташа деңгейі. Кейбір компоненттердің көріністері және салауатты өмір салтын қалыптастырудың басқа компоненттерінің жеткіліксіз қалыптасуы байқалады, денсаулықты сақтау мен нығайту белсенділігінің жеткіліксіздігі, жұмыс қабілетінің тұрақсыздығы және қоршаған орта жағдайларына бейімделудің жеткіліксіздігі жұмыс істейді.

30-төмен – бұл бағдарламаның қалыптасуының төмен деңгейі. Салауатты өмір салтының жекелеген компоненттерінің болмауы, оларды қалыптастыру, жетілдіру қажеттілігі, денсаулықты сақтау, нығайту туралы қамқорлықтың болмауы, жұмыс қабілетінің төмендігі, аурулардың болуы, қоршаған орта жағдайларына бейімделудің төмен деңгейі көрінеді.

Жүргізілген сауалнама нәтижелері оқушылардың жартысынан көбінің салауатты өмір салты дағдысының қалыптасу деңгейі төмен және тек төрт пән - жоғары деңгейде екенін көрсетті.

Оқушыларды салауатты өмір салтына неғұрлым тиімді ынталандыру үшін осы білім беру мекемесінде арнайы әлеуметтік-мәдени бағдарлама өткізілді, ол оқушыларды қызықтырды және өз денсаулығын сақтауға ынталандырды. Зерттеу барысында келесі әдістер белсенді қолданылды: «Нашақордың портреті» тренингі, тақырыптық әңгімелер, «Дөңгелек үстел», «Денсаулық әліппесі» іс-шаралары, акциялар. Осы іс-шараларды өткізгеннен кейін оқушылардың салауатты өмір салты бағдарламасының қалыптасуын бағалау бойынша қайта сауалнама жүргізілді. Сауалнама эксперименталды топтың салауатты өмір салтына қатысты нәтижелерін арттырғанын көрсетті. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру деңгейі төмен балалар саны айтарлықтай азайды. Оқушылар зиянды әдеттер туралы өте жоғары білімді, олардың көпшілігі күніне екі рет тістерін жуады, денсаулығына қамқорлық жасайды және денсаулығын қалай сақтау керектігі туралы білуді ұнатады.

Бағдарламаның нәтижелері өзінің тиімділігін көрсетті және оларды білім беру мекемелерінде оқушылардың салауатты өмір салтына деген көзқарасын қалыптастыру үшін пайдалануға болады.

Қорытынды

«Бақытты балалық шақ!» – бұл әрине көп мәнді ұғым, бірақ оның белгілерін қорытынды түрінде былай көрсетуге болады:

- біріншіден, материалдық қамсыздық;
- екіншіден, жаңалық ашу мен табыстың қуанышты әсеріне бөленген, өз шамасына сай, жетістікті танып-білу еңбегі;
- үшіншіден, үнемі сүйспеншілікпен, мейрімділікпен қарым-қатынас құратын, сүйкімді адамдар ортасы.

Мұндай жағдай балалардың психологиялық тұрғыдан азат болуына сеп болады. Яғни баланың жан дүниесінің шеңбері кеңейіп, бойына жігер, тапқырлық, сөз тапқыштық, көтеріңкі көңіл күй ұялап, білім, іскерлік және дағдының талай табысына физиологиялық күш құрбандығыусыз жетуге, жан-жақты дамуына мүмкіндік туады.

Қиын ештеңе жоқ сияқты: үлкендер баланың ішкі әлемін түсініп, өздерінің педагогикалық іс-әрекеттерінің түпкі мақсатын сезініп, оған педагогикалық деонтологияның барлық ұстанымдарына сүйенген «қарым-қатынас → оқыту → өмір тіршілігі» арқылы жетуге ынталануы талап етіледі. Ол үшін баланы қоршаған ересектердің педагогика, психология, этика, деонтология ғылымдары бойынша сапалы сауаттылығы болуы қажет.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Кертаева, Қ. М.** «Рахат» мектебі : жаңа ғасырға – жаңа мектеп : Монография. Екінші толықтырылған басылымы. – Астана : ТОО «Мастер ПО», 2015. – 309 б.

2 **Баль, Л. В., Баранков, С. В., Горбатенко, С. А.** Педагогу о здоровом образе жизни детей // Просвещение. – 2012. – № 3. – С. 12–15.

3 **Брехман, И. И.** Валеология наука о здоровье. – М., 1980. – 120 с.

4 **Вайнер, Э. Н.** Валеологические подходы и критерии здоровья и болезни // ОБЖ. Основы безопасности жизни. – 2008. – № 12. – С. 47–52.

5 **Таубаева, Ш.** Салауатты өмір салтына тәрбиелеуде денсаулықтың ішкі бейнесінің мәнін ескеру маңызды. // Ұлт тағылымы. – №4. – 2008. – Б. 5–7.

6 **Воронова, Е. А.** Здоровый образ жизни в современной школе. // Феникс, 2012. – С. 20–23.

7 **Горохова, Н. А.** Организация здоровьесбережения в школе // ОБЖ. – 2012. – № 7. – С. 33–38.

8 **Абрамова, И. В., Бочкарёва, Т. И.** Бастауыш мектепте денсаулық сақтау технологиялары. – С. : СИПКРО, 2004. – 138 б.

9 **Құлшынбай П.** Бала денсаулығы – қоғам байлығы // Бала мен балабақша. – 2012. – №6. – 3-6 б.

10 **Горохова, Н. А.** Организация здоровьесбережения в школе // ОБЖ. – 2012. – № 7. – С. 33–38.

References

1. **Kertaeva, K. M.** «Rahat» mektebi: jańa ǵasyrǵa – jańa mektep [School «Rakhat»: to the New century-a new school] Monograph. Second updated edition. – Astana: OC «Master PO», 2015. – P. 309.

2 **Bal, L. V., Barankov, S. V., Gorbatenko, S. A.** Pedagogý o zdravom obraze jizni detei. [The teacher about a healthy lifestyle of children]. In Enlightenment. – 2012. – No.12. – P. 47–52.

3 **Brehman, I. I.** Valeologija nauka o zdorove [Valeology is the science of health.]. – Moscow, 1980. – P. 120.

4 **Weiner, E. N.** Valeologicheskie podhody i kriterii zdorovia i bolezni. [Valeological approaches and criteria of health and disease]. In LSF. Basics of life safety. – 2008. – No. 12. – P. 47–52.

5 **Taubaeva, Sh.** Salaýatty ómir saltyna tárbiáleýde densaýlyqtyń ishki beinesiniń mánin eskerý mańyzdy [In the education of a healthy lifestyle, it is important to take into account the essence of the internal image of Health]. In National Education. – No. 4. – 2008. – P. 5–7.

6 **Voronova, E. A.** Zdorovyı obraz jizni v sovremennoi shkole [Healthy lifestyle in a modern school]. In Phoenix, 2012. – P. 20–23.

7 **Gorohova, N. A.** Organizatsia zdorovesberejenia v shkole [Organization of health saving at school]. In LSF. – 2012. – No. 7. – P. 33–38.

8 **Abramova, I. V., Bochkarёva, T. I.** Bastyysh mektepte densaýlyq saqtaý tehnologialary [Technologies of healthcare in primary schools]. – S. : SIPKRO, 2004. – P. 138.

9 **Kulshynbay, P.** Bala densaýlyǵy – qoǵam baılyǵy [Children's health – the wealth of society]. In Child and kindergarten. – 2012. – No. 6. – P. 3–6.

10 **Gorohova, N. A.** Organizatsia zdorovesberejenia v shkole [Organization of health saving at school]. In LSF. – 2012. – No 7. – P. 33–38.

Материал 15.12.20 баспаға түсті.

*Р. Н. Жапанова*¹, *Ф. М. Кертаева*², *Б. Қ. Шаушекова*³

Формирование у учащихся навыков здорового образа жизни в условиях образовательного учреждения

^{1,3}Қарағандинский государственный университет

имени академика Е. А. Букетова,

Республика Казахстан, г. Караганда;

²Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Нур-Султан.

Материал поступил в редакцию 15.12.20.

*R. N. Zhapanova*¹, *G. M. Kertaeva*², *B. K. Shaushekova*³

Formation of students skills of a healthy lifestyle in an educational institution

^{1,3}Academician E. A. Buketov Karaganda University,

Republic of Kazakhstan, Karaganda;

²L. N. Gumilyov Eurasian National University,

Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan.

Material received on 15.12.20.

Благополучие людей и общества становится социальным для всего цивилизованного мира. Сегодняшний человек не может считать себя образованным человеком, прежде чем овладеть культурой здоровой жизни и здоровья. Потому что здоровье каждого из нас это не только личное богатство, но и необходимое условие для вхождения нашей страны в число пятидесяти развитых стран. То есть здоровье людей-один из важнейших факторов, который отражает цивилизационный уровень этой страны. А главное условие здоровья-культурная среда, здоровый образ жизни.

Поэтому обучение здоровому образу жизни должно проводиться в рамках существующих образовательных программ, при выделении ценностных, познавательных, нормативных и активных компонентов содержания здравоохранения по каждому предмету, а также на специальных уроках здоровья и во внеурочное время.

Разработанная теоретическая модель с учетом изученных научно-теоретических основ здорового образа жизни детей способствует успешной работе специалистов. Временные периоды использования данной модели не ограничены.

The well-being of people and society becomes social for the entire civilized world. Today's man cannot consider himself an educated man

before mastering the culture of healthy living and health. Because the health of each of us is not only personal wealth, but also a necessary condition for our country to become one of the fifty developed countries. In other words, people's health is one of the most important factors that reflects the civilizational level of this country. And the main condition for health is a cultural environment and a healthy lifestyle.

Therefore, training in a healthy lifestyle should be carried out within the framework of existing educational programs, with the allocation of value, cognitive, normative and active components of the health content for each subject, as well as in special health lessons and after-school hours.

The developed theoretical model, taking into account the studied scientific and theoretical foundations of a healthy lifestyle of children, contributes to the successful work of specialists. The time periods for using this model are not limited.

Теруге 29.12.2020 ж. жіберілді. Басуға 11.01.2021 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,93 Mb RAM

Шартты баспа табағы 38,0.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3720

Сдано в набор 29.12.2020 г. Подписано в печать 11.01.2021 г.

Электронное издание

2,93 Mb RAM

Усл.п.л. 38,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3720

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz